ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
" ӨРЛЕУ" БҒТ ПОРТАЛЫ
WWW.ORLEU.KZ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
ОНТ ПОРТАЛ " ӨРЛЕУ"
WWW.ORLEU.KZ
ГОРОД АЛМАТЫ

Алматы қаласы «www ORLEU.kz» ұстаздарға арналған

интернет порталының

Кеңес алқасының ШЕШІМІ (көшірме)

Хаттама №577 «30» сәуір 2020 жыл

Алматы қаласы «www ORLEU. kz » ұстаздарға арналған ғылым-білім интернет ресурсы Кеңес алқасының шығармашылық авторлар ұжымы: Елеусінова Света Қалиқызы, Жүнісова Көркем Кеңесбайқызы мен Үмбетбаева Ұлсынай Әбдіқалыққызының «Мектепке дейінгі балалардың тілін ертегі арқылы дамыту» авторлық бағдарламасының үлгісін мақұлдайды және облыс мектептеріне пайдалану үшін ұсынды.

Ғылыми Кеңес төрағасы,
Алматы қаласы «www ORLEU.kz»
ұстаздарға арналған порталының
директоры Ж.Ф.Көшкімбаев

BILIM AINASY

# СЕРТИФИКАТ

**Республикалық ғылыми-тапымдық "БІЛІМ АЙНАСЫ" журналында материалы жарияланғаны үшін**

**Елеусінова Света Қалиқызына**

**берілді**

@BILIMAINASY

**"Білім айнасы" газетінің**
**Бас редакторы______________________________Қ.Қатшабаев**

**Астана - 2022**
**тіркелді №13472**

BILIM AINASY

# СЕРТИФИКАТ

**Республикалық ғылыми-танымдық "БІЛІМ АЙНАСЫ" журналында материалы жарияланғаны үшін**

**Елеусінова Света Қалиқызына**

**берілді**

@BILIMAINASY

**"Білім айнасы" газетінің**
**Бас редакторы ______________________ Қ.Қатшабаев**

**Астана - 2022**
**тіркелді №12955**

Halyqaralyq ǵylymı-aqparattyq, tanymdyq-tárbıelik jýrnaly

HALYQARALYQ

# ÓRLEÝ-ÓRKENDEÝ

№24
(25 qańtar)
2021



**Қонысбаева Қарлығаш Кенбайқызы**

***Өзін-өзі тану пәні мұғалімі***

## «КІМ КҮШТІ ЕРТЕГІСІ»

*ЕЛЕУСІНОВА СВЕТА ҚАЛИҚЫЗЫ*
*Қызылорда облысы,Қармақшы ауданы, І.Тұрмағанбет ауылы*
*№8 "Қызғалдақ " бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі*

**Білім беру саласы: «Қатынас» «Таным»» «Шығармашылық»**
**Ұйымдастырылған оқу қызметі. Сөйлеуді дамыту.**
**Тақырыбы: «Кім күшті ертегісі»**

**Мақсаты:**Жануарлардың атауларын білдіретін сөздерді сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын жетілдіру.Ертегіні түсіне отырып өзара достыққа адамгершілікке тәрбиелеу.

**Әдіс- тәсілдері:** көрсету, түсіндіру.сұрақ-жауап. Ойын технологиясы бойынша АКТ.

**Құрал- жабдықтар, көрнекіліктер.** Драматизациялауға арналған ертегі, суреттер ертегі кейіпкерлері. Пазылды ойындар суреттері.

**Барысы. Кіріспе бөлім.**

Саламатсыңдар ма балалар ! бүгінгі оқу қызметінде мына ғажайып кубикті айналдыра отырып бастайықшы. Балалар ортада әр қабырғасына күз мезгілі тақырыбында суреттер жапсырылған кубикті айналдыра тастап күз мезгілі ерекшеліктері туралы айтады.

Бәрекелді балалар енді келесі кезекте сендердің тапқырлықтарыңды тексеру үшін жұмбақтар жасырайын, шешесіңдер ме: (ИӘ ШЕШЕМІЗ)

**ЖҰМБАҚТАР.**

1. Суда қалқиды.
Жылыда балқиды. (Мұз)

2. Алып кілем-
Гүлге толы
Үсті кілең. (Жер)

3. Үй ішін аралап,
Түнде жортады,
Қаптарды жарып,
Мысықтан қорқады. (Тышқан)

**Негізгі бөлім.**

Міне балалар, сендер жұмбақтардың шешуін дұрыс таптыңдар. Бұл кейіпкерлер «Кім күшті» ертегісінде кездеседі.

-Ендеше бүгін біздің сиқырлы тақтамыз сендерге «Кім күшті « ертегісін көрсетпекші.

-Кәне бәріміз жайғасып отырып ертегіні тамашалайық.

«Кім күшті « ертегісін көрсету, балалар ойнау.

-Біз қандай ертегіні тамашаладық. «Кім күшті « ертегісін тамашаладық.

Ертегіде қандай кейіпкерлер бар.

-Қырғауыл ненің үстіне құлапты. Мұз үстіне құлапты.

-Мұз , мұз неден күшті болдың.

-Жаңбыр, жаңбыр неден күшті болдың.

-Жер, жер неден күшті болдың.

-Көк шөп, көк шөп неден күшті болдың-

- Көк тоқты, көк тоқты неден күшті болдың.

-Көк қасқыр, көк қасқыр неден күшті болдың.

-Көк мылтық, көк мылтық неден күшті болдың.

-Тышқан, тышқан неден күшті болдың.

-Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін,- деген екен құмырсқа.

Бұл жерде құмырсқаның еңбекқорлығын көрсетіп тұр.

**Сөздік жұмыс:** Алты батпан ауыр өзінен көлемі үлкен зат, жеткізген күшті ауыр, үлкен заттарды еркін қозғайды, көтереді, және ауыр еңбектен қашпайды, құмырсқаның еңбекқор екенін көрсетіп тұр.

**Таным білім беру саласында:**

**Дидактикалық ойын. «Пазылды құрастыр»**

**Мақсаты** ертегі бойынша кейіпкерлер суретін бөліктерден құрастыру,және екі тілде айту.

Сары- желтый- көк – синий қызыл-красный.Дөңгелек-круглый, үшбұрыш-треугольник.

**Шығармашылық білім беру саласы:**

**Музыка терапиясы. Музыкамен билеу.**

**Сергіту сәті.**

Балалар музыкамен билейді.

**АКТ.«Дауысынан таны» дидактикалық ойыны.**

**Қорытынды бөлім.**

Ортада құмырсқа шығып « Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелеген күштімін!»

-Балалар сонымен ертегідегі қай кейіркер күшті екен . (құмырсқа күшті екен )

-Ол не себепті күшті ( Өйткені ол өзінен үлкен екі есе үлкен заттарды көтереді , тынбай еңбек етеді.

Балаларға рахмет айтып келген қонақтармен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Түсінеді:** Ертегінің мазмұнын, жана сөздердің мағынасын.

**Қолдана алады:** Балаларды таныс ертегі кейіпкерлерін сахналай біледі және сахналау барысында дауыс күшін көтеріп,түрлі интонацияда айта алады.













